

Жекелеген санаттағы азаматтарға жергілікті деңгейде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы нұсқаулығын бекіту туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2006 жылғы 30 наурыздағы N 115/4 қаулысы. Павлодар облысының әділет басқармасында 2006 жылғы 11 сәуірде N 3066 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі N 245/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.07.2014 N 245/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 1-бабы 17-тармағына сәйкес, жекелеген санаттағы азаматтарға жергілікті деңгейде әлеуметтік көмек көрсету үшін облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жекелеген санаттағы азаматтарға жергілікті деңгейде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы нұсқаулығы бекітілсін (бұдан әрі - Нұсқаулық).

2. Облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті облыс қалалары мен аудандарының бюджеттеріне жекелеген санаттағы адамдарға әлеуметтік көмек көрсету үшін мақсатты ағымдағы трансферттердің уақытында бөлінуін қамтамасыз етсін. <*>

Ескерту. 2 тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы әкімиятының 2007 жылғы 23 шілдедегі N 203/7 қаулысымен .

3. Қалалар мен аудандар әкімдері осы қаулыны орындау үшін тиісті шаралар қолдансын, тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне осы туралы есеп берсін.

4. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті облыстық бюджеттен төленген сомалар жөнінде Павлодар облысының қаржы департаментіне тоқсан сайын есепті мәлімет берсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Павлодар облысы әкімдігінің
2006 жылғы 30 наурыздағы
"Жекелеген санаттағы азаматтарға
жергілікті деңгейде әлеуметтік

көмек көрсету тәртібі туралы
Нұсқаулығын бекіту туралы"
N 115/4 қаулысына қосымша <*>

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - Павлодар облысы әкімиятының 2007 жылғы 23 шілдедегі N 203/7 қаулысымен .

Жекелеген санаттағы азаматтарға жергілікті деңгейде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы нұсқаулығы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жекелеген санаттағы азаматтарға жергілікті деңгейде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 17)-тармақшасын, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Нұсқаулық облыстық бюджетте қарастырылған және тұрғын үй-коммуналдық (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электр энергиясын, кәріз, қатты отын сатып алу) қызметтерді өтеуге материалдық көмек көрсету үшін облыс қалалары мен аудандары бюджеттеріне жіберілетін мақсатты ағымдағы трансферттерді:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;
 - 2) Ауғанстандағы соғыс әрекеттерін жүргізу кезеңінде қатысқан әскери қызметкерлеріне;
 - 3) Чернобыль АЭС-індегі апат зардабын жоюға қатысқан адамдарға;
 - 4) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне;
 - 5) "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Блокадалық Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған тұлғаларға;
 - б) екінші дүниежүзілік соғысы кезеңінде фашистермен және олардың одақтастарымен құрылған концлагерлердің, гетто және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарының кәмелетке толмаған тұтқындарына жұмсау тәртібін белгілейді.
3. Тұрғын үй-коммуналдық (сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, электр

энергиясын, кәріз, қатты отын сатып алу) қызметтерге тарифтердің өсуіне байланысты шығындарды өтеу:

- 1) жалғызілікті және жалғыз тұратын еңбекке жарамсыз қарт азаматтарға;
- 2) зейнетақының ең төмен мөлшерін алатын зейнеткерлерге беріледі.

4. Қалалар мен аудандар әкімдіктерімен уәкілеттік берілген атқарушы органдар (бұдан әрі - мақсатты ағымдағы трансферттерді бөлу жөніндегі уәкілетті орган) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, Ауғанстандағы соғыс әрекеттерін жүргізу кезеңінде қатысқан әскери қызметкерлерін, Чернобыль АЭС-індегі апат зардабын жоюға қатысқан адамдарды, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлерін, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Блокадалық Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған тұлғаларды, екінші дүниежүзілік соғысы кезеңінде фашистермен және олардың одақтастарымен құрылған концлагерлердің, гетто және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарының кәмелетке толмаған тұтқындарды, жалғызілікті және жалғыз тұратын еңбекке жарамсыз қарт азаматтарды, зейнетақының ең төмен мөлшерін алатын зейнеткерлерді материалдық қамтамасыз ету жөніндегі аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып табылады.

5. Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, Ауғанстандағы соғыс әрекеттерін жүргізу кезеңінде қатысқан әскери қызметкерлерін, Чернобыль АЭС-індегі апат зардабын жоюға қатысқан адамдарды, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлерін, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Блокадалық Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған тұлғаларды, екінші дүниежүзілік соғысы кезеңінде фашистермен және олардың одақтастарымен құрылған концлагерлердің, гетто және басқа да мәжбүрлеп ұстау орындарының кәмелетке толмаған тұтқындарды, жалғызілікті және жалғыз тұратын еңбекке жарамсыз қарт азаматтарды, зейнетақының ең төмен мөлшерін алатын зейнеткерлерді әлеуметтік қамтамасыз етуге облыс қалалары мен аудандары бюджеттеріне мақсатты ағымдағы трансферттерді бөлетін уәкілетті орган (бұдан әрі - мақсатты ағымдағы трансферттерді бөлу жөніндегі уәкілетті орган) болып табылады.

6. Мақсатты ағымдағы трансферттерді пайдалану жөніндегі уәкілетті органдар әр айдың 5 күнінен кешіктірмей, әлеуметтік төлемдерді алушылардың тізімін қалалар мен аудандардың зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың (ЗЖТМО) облыстық филиалы бөлімшелерінің деректерімен салыстыру жолымен Нұсқаулықтың 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6)-тармақшалары мен 3-тармақтың 1), 2)-тармақшаларында

көрсетілген адамдардың тізімдерін қалыптастырады, сол тізімдерді банктік операцияларды жүзеге асыру үшін тиісті лицензиясы бар ұйымдарда және "Қазпошта" акционерлік қоғамының бөлімдерінде зейнетақы мен жәрдемақыларды енгізу үшін олардың жеке шоттарына аудару арқылы әрбір алушыға әлеуметтік көмек төлеміне жібереді.

7. Нұсқаулықтың 2-тармағының 2), 3) - тармақшаларында көрсетілген адамдар сауықтыру қажеттілігі туралы емдеу мекемесінен қосымша медициналық анықтама ұсынады.

8. Нұсқаулықта көрсетілген азаматтарға материалдық көмек ағымдағы қаржы жылына тағайындалады. Мақсатты ағымдағы трансферттерді пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мақсатты ағымдағы трансферттерді бөлу жөніндегі уәкілетті органды әлеуметтік көмектің мөлшерін өзгертуіне негіз бола алатын жағдайлар туралы үш күндік мерзімде хабардар етуге міндетті.

2. Әлеуметтік көмек төлеудің мөлшері мен тәртібі

9. Нұсқаулықтың 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6)-тармақшалары мен 3-тармақтың 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек төлеу үшін қаржыландыру көзі мақсатты ағымдағы трансферттерді бөлу жөніндегі уәкілетті органымен облыс қалалары мен аудандарына жіберілетін облыстық бюджеттің қаржысы болып табылады.

10. М а т е р и а л д ы қ к ө м е к :

Нұсқаулықтың 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6)-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға - ай сайын;

Нұсқаулықтың 3-тармағының 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайын;

Нұсқаулықтың 2-тармағының 2)-тармақшасында күрсетілген тұлғаларға - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылдың 1-тоқсанында (бір жолғы көмек);

Нұсқаулықтың 2-тармағының 2), 3)-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайын сауықтыру үшін төленеді .

11. Мақсатты трансферттерді жұмсау жөніндегі уәкілетті органдар Нұсқаулықтың 2-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6)-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға ағымдағы айдың 10-на дейін ай сайынғы материалдық көмекті олардың жеке шоттарына аударды.

12. Мақсатты трансферттерді жұмсау жөніндегі уәкілетті органдар Нұсқаулықтың 2-тармағының 2), 3)-тармақшаларында және 3-тармақтың 1), 2)-тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға материалдық көмекті ағымдағы тоқсанның бірінші айының 10-на дейін олардың жеке шоттарына аударды.

13. Мақсатты трансферттерді жұмсау жөніндегі уәкілетті органдар Нұсқаулықтың 2-тармағының 2)-тармақшасында көрсетілген тұлғаларға біржолғы әлеуметтік көмекті ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында олардың жеке шоттарына аударады.

14. Алушы жалған мәліметті ұсынғанның және басқа себептер салдарынан артық төленген сомалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қайтарылып алынады.

3. Есеп беру және есептілік

15. Ұсынған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік мақсатты трансферттерді жұмсау жөніндегі уәкілетті органдарына жүктеледі.

16. Мақсатты трансферттерді жұмсау жөніндегі уәкілетті органдар ай сайын 5-не дейін облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне Нұсқаулықта көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек көрсету үшін бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

17. Мақсатты ағымдағы трансферттерді бөлу жөніндегі уәкілетті орган ай сайын 8-не дейін облыс қаржы департаментіне қаржыландырылуына қарай төленген сомалар туралы есеп береді.